

# Информатика пәні бойынша білімді бақылау, тексеру және бағалау жүйесі

Дайындаған: Жанболат Махамбет

# 3.1. Информатика пәні бойынша білімді тексеру

Оқыту процесінің міндетті компоненті, соңғы кезеңі бақылау болып табылады (білім алу нәтижелерін тексеру). Тексеру – білім алу, даму және оқу мақсаттарына жету деңгейін меңгеруде жетістіктер мен қиыншылықтарды анықтау үрдісі.

Бақылау – жоспарланған нәтижені үлгі талаптармен және стандарттармен салыстыру операциясы.

Есепке алу – тексеру және бақылау көрсеткіштерін бір жүйеге келтіру, сол арқылы оқушылардың білім алу және даму процесінің қарқынын көруге болады.

Бағалау – сапалық және сандық талдаудан тұратын білім алу нәтижелері мен барысы туралы пайымдау, мақсаты оқушылардың білім сапасын арттыруды ынталандыру болып табылады.

Баға қою – оқу қызметінің, жетістіктер деңгейінің нәтижелерін ресми бекітілген шкала бойынша баллмен немесе дәрежемен анықтау.

- Оқушылардың білімін, ептіліктері мен дағдыларын диагностикалау оқу үрдісінің маңызды құрылымдық компоненті болып табылады. Тексеру және бақылау жүйесіне әртүрлі бақылау тәсілдерін еңгізуге болады. Ол үшін келесі шарттарды орындау қажет:
- • бақылаудың жеке түрі;
- • оқыту жүйесінің барлық кезеңіндегі бақылаудың жүйелілігі, жиілігі;
- • оқытушы, дамытушы және тәрбиелеуші функцияларының орындалуын, қорытындыларына және оның өткізілуіне оқушылардың қызығушылығын арттыруды қамтамасыз ететін әртүрлі бақылау формалары;
- • жан-жақтылық: бақылау оқу бағдарламасының барлық бөлімін қамтуы қажет, теориялық білімнің, зияткерлік және практикалық ептіліктері мен дағдыларын тексеруді қамтамасыз етуі тиіс;
- • әділдік;
- • дифференциалды тәсіл;
- • осы сынып оқушыларының оқу әрекетін бақылайтын мұғалімдер талаптарының біртұтастығы.

- Білімді бақылау және бағалау педагогтік үрдістің маңызды құрамы болып табылады. Осыған байланысты, мұғалім өткізетін іс - шараларды мәнсіз түрде емес, жүйелі түрде өткізіп, әр кезде 87 нәтижелерін талдай отырып және білім сапасына, іскерліктері мен дағдыларына уақытылы түрде түзетулер жасау үшін тиісті шараларды қолдануы керек. Бақылаудың мақсаты – кері байланысты қамтамасыз ету: оқушыларға белгілі бір пән бойынша білім стандарттарына (міндетті минимум) сәйкес білімді игерту, оны түзету деңгейін анықтау. Бақылау оқыту процесінің негізгі құрылымының бірі болып есептеледі. Оқушылардың білім сапасының нәтижесі бақылау кезеңдерінің дұрыс ұйымдастырылуына байланысты болады.

## Бақылаудың құрылымдары болып келесілер есептеледі

Бақылау нәтижелерін тексеру (дұрыс немесе дұрыс емес) және олардың өлшемдері;

Бағалау – оқушылардың әрекетіне байқау жүргізілетін ұйымдастыру процесі және үлгімен (эталон) салыстырып, нәтижесі ретінде бағасын қою.

Бақылау жүйесін құрастырудың негізгі қағидалары Бақылау жүйесіне белгілі бір талаптар қойылады және оны құрастыру кезінде келесі негізгі қағидаларды сақтау керек:

- **Объективтілік** – бақылауды ұйымдастыру үшін негізгі талабы және қағидасы болып табылады. Оқушылар бақылау жүйесін жылы көзқараспен қабылдауы керек. Сұрақтар, тапсырмалар, есептер және жобалар негізделуі керек, ал бағалау өлшемдері адекватты түрде оқушылардың жас ерекшеліктеріне және дайындықтарының деңгейлік талаптарына негізделуі керек.

- Ашық технология – оқушыларды бағалау бірыңғайлық өлшемдер бойынша жүзеге асырылады және олар негізді, әрбір оқушыға алдын ала белгілі және түсінікті болуы керектігімен тұжырымдалады. «Ашық технология» бақылау жүйесінің құрылымдарын өзгертпей дамып отыруына жағдай жасайды

# Жүйелілік өз жағынан бес түрлі айқындама арқылы қаралады:

бақылау үздіксіз болуы керек және оқытудың ең басынан бастап аяғына дейін жүзеге асырылады;

бақылау оқу үрдісінің табиғи бөлімі болуы керек;

бақылау жүйесі сабақтастыққа ие болуы керек;

бақылаудың құралдары, әдістері, нысандары, бағалау тәсілдері және нәтижелердің интерпретациялары бірыңғай мақсаттылыққа бағынулары керек;



# 3.1.1. Бақылау әдістерінің сипаттамасы

- 1. Бақылау орны бойынша оқыту кезеңінде: - бақылаудың алдын алу (кіретін) түрі әсіресе информатика үшін өзекті болып табылады, себебі бір сыныпта әртүрлі деңгейлік дайындығы бар оқушылар болуы мүмкін. Әдепкі орнату күйі осы жағдайда келесі жағдайға әкеліп соғады: үйінде компьютері бар, сабаққа жақсы дайындалған оқушылар ең маңызды сәттерді жоғалтып, сабақ үстінде зерігіп отырса, ал, нашар дайындалған оқушылар өз-өзіне сенімсіз болады. Кірістік бақылауы бастапқы деңгейлік дайындықты және дифференциялық тәсілді пайдалану мүмкіндігін анықтайды;

- - ағымдық (жедел) бақылау оқушылардың оқу үрдісіндегі жеке тараулар мен тақырыптар бойынша дәрежесі мен деңгейін анықтайды, диагностикалық қызметті жүзеге асырады және әрбір оқушымен қатынастық байланысты орнатады. Жеделдік бақылауының тиімділігі оның объективтілігі мен тұрақтылығына тәуелді. Ағымдық бақылау оқытудың нәтижесін тексеру мен түзету енгізу кезінде маңызды рөл атқарады. ; - қорытынды бақылау (шығыстық) материалды меңгеру бойынша сапасын анықтайды, оқушылардың дайындықтарының деңгейлері мен дәрежелерін бекітеді, яғни оқытудың нәтижесін қорытындылайды

## 2. Бағалау тәсілі бойынша:

- - «бағалық» – технологиясы бес балдық шкала бойынша баға қойылып, дәстүрлі болып табылады; - «рейтингтік» – технологиясы бағдарламаның әртүрлі (тақырыптарын) тарауларын меңгергендері үшін алған балдардың қосылғыштарының қосындысына негізделген. Осыдан кейін өздерінің рейтингтері көтерілген соң, көптеген оқушылар бір тәртіптілікте болады. Оқушылардың әр тобының өзінің жеке дәреже алу мүмкіндігі бойынша да нұсқа болуы мүмкін. Осындай бағалау жүйесінде қосымша балл беру мүмкіндіктері болуы көзделген, осындай артықшылықтармен айрықша шығармашылық шешімдер және т.б. бастамалармен көзге түскен белсенді және талапкер оқушыларды 89 мадақтау үшін пайдалануға болады.

### 3. Бақылауды ұйымдастыру тәсілі бойынша:

автоматты түрде (машиналық);

өзаралық;

мұғалімнің бақылауы;

өздік бақылау

# Жетекші функциясы бойынша:

- - диагностикалық бақылау – білімнің, іскерліктің және дағдылардың даму серпінін бақылауды, өз уақытында түзету енгізу үшін сабақтың материалдарын меңгеру жағдайы жөнінде мәліметтер алуға, қайталаудың тиімді ұйымдастырылуын, оқу бағдарламасын (тақырыптық жоспарлауды) анықтауды, оқу үрдісін оңтайландыруды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады;

- ынталандыру бақылауы – оқушыны жүйелі жұмыс істеуге көңіл қоюына, шығармашылық іс-әрекетке талаптануға, зейінді болуына, талапкерлігі мен өздігінен жұмыс жасауға, жетістіктері мен кемшіліктерін көруге, күшті және әлсіз жақтарын ашуға көмектеседі; - тұрақтылық бақылауы – оқушылардың дайындығының дәрежесі мен деңгейін бекітеді, емтихан мен сынақтарды өткізу үрдісінде пайдаланылады

# Бақылау әдістері Қазіргі заман дидактикасында бақылаудың келесі әдістері қолданылады:

- Зерттеу әдісі – мұғалімдердің күнделікті оқушылардың білім деңгейі мен даму барысындағы өткізілетін процесс. Осы әдіс оқушылардың қай білім деңгейінде екенін және жұмысты дұрыс ұйымдастыра алатынын көрсетеді. Зерттеудің нәтижесі мұғалімнің жұмыс барысында және бағалау барысында көрінеді. Осы әдістің бір кемшілігі, ол берілген ішкі сезім арқылы зерттеу.
- Оқулықты дұрыс пайдалану әдісі – оқушылардың білімі мен біліктілігін тексеру, тілдерді үйрену барысында қолданылуы мен ақпаратты іздеу нәтижелері арқылы тексеріледі.
- Ауызша бақылау әдісі – ереже бойынша оқушылардың емтихандық немесе сынақтың сұрақтарына дұрыс жауап қайтаруынан тұрады. Сабақтарда жеке, ұжымдық, фронтальды сұраныстар болады. Ауызша бақылаудың ең негізгі формасы – пікір алмасу, әңгімелесу.

- Жазбаша бақылау әдісі – оқушылардың білім дәрежесін тереңдетіп тексеруін талап етеді. Жазбаша бақылау әдісінің негізгі формалары – сыныптық, өзіндік, бақылау жұмыстары болады. Практикалық бақылау әдістері – оқушылардың практикалық білімін тексеру, білімін дұрыс пайдалана білуі және кез келген есепті шығара білуін анықтайды. Бүгінгі күні осы әдіс ең жаңа және қолайлы болып табылады. Тестілеу оқушылар білімдерінің сапасын жедел түрде тексеру үшін деректерді (жауаптарды) автоматты түрде енгізу мүмкіндігімен және нәтижелерді автоматтандырылып өңдеудің алдын ала берілген



